



БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ:
Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды

№84 (9548)

11 қараша
сейсенбі,
2025 жыл

Жаңа өмір

Новая жизнь Жуалы аудандық қоғамдық-саяси газеті

Газет 1934 жылғы сәуір айынан шығады jana_omir@mail.ru facebook.com/janaomirjualy www.janaomir.kz



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА 3 ТУРИСТІК НЫСАНҒА АЛЫП БАРАТЫН 35 ШАҚЫРЫМ АВТОЖОЛ САЛЫНДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Жамбыл облысында туризм саласын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

Президент «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жергілікті атқарушы органдар ардайым туризм инфрақұрылымын жан-жақты дамытуға баса мән беріп, осы жұмысқа жауапты болуы тиіс. Қазіргі таңда бұл бағыттағы ең өзекті мәселе – заманауи инфрақұрылым салу. Егер осы міндетті ойдағыдай орындасақ, еліміздің курорттары жер жүзіне танылып, Қазақстанның бетке ұстар ұлттық брендіне айналады», – деп атап өткен болатын.

Осы тапсырмаларды орындау мақсатында өңірде ауқымды жұмыстар атқарылуда. Жергілікті бюджет есебінен 1 млрд. 186 млн. теңге бөлініп, жалпы ұзындығы 34,8 шақырымды құрайтын үш туристік нысанға алып баратын автожол салынды. Құрылыс жұмыстары толық аяқталып, нәтижесінде «Koksai resort» (19,5 шк), «Таскөл» (2,8 шк) және «Алмалы» (12,5 шк) демалыс орындарына жайлы әрі қауіпсіз жету мәселесі шешімін тапты. Бұл өз кезегінде туристер ағынының артуына жол ашып отыр.

2024 жылы 199 107 турист Жамбыл жеріне ат басын бұрды. Олардың басым бөлігі Ресей, Қытай және Өзбекстаннан келген шетелдік қонақтар. Биылғы жылдың II тоқсанының қорытындысы бойынша өңірге 99 852 турист келіп, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,4 пайызға артқан.

Соңғы екі жылда туристерге көрсетілген қызмет көлемі 1,8 млрд. теңгеден 3,6 млрд. теңгеге дейін өскен.

Жалғасы 2-бетте



«ҚЫС - 2025» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ...

мұндағы басты мақсат – төтенше жағдайлардың алдын алып, тұрғындардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету

Қыс – қыр астында. Алдымызда аса жауапты кезеңнің бірі – қаһарлы қыс мезгілі жақындап келеді. Ал бұл кезеңнің қиындықсыз өтпейтіні бұрыннан белгілі. Айтпай келетін апатқа, тосыннан болатын түрлі төтенше жағдайға, оның ішінде, аудан аумағын кесіп өтетін үлкен күрежолдың бойында қалың қардың және боранның әсерінен орын алатын төтенше жағдайлардың алдын алу және оның салдарын жою жұмыстары және көлік жүргізушілері мен жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету құтқарушылардан кәсіби дайындықты талап ететіні белгілі.

Нуржан МАНАСҰЛЫ,
«Жаңа өмір»

Осыған сәйкес, қараша айында Қазақстан аумағында республикалық штабтық оқу-жаттығуын өткізу жоспарланған. Оқу-жаттығудың аясында ұйымдастырылған



Суреттерді түсірген Сәбит ҚУЗЕМБАЕВ

жоспарлы іс-шаралар өткен аптада Жамбыл облысына қарасты Жуалы ауданында да ұйымшылдықпен өткізілді. «Қыс – 2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуының азаматтық қорғау қызметтері мен құрылымдарының қысқы кезеңдегі ықтимал төтенше жағдайларды жою бойынша іс-қимылдарға дайындығын одан әрі жетілдіру және тексеру мақсатында өткізілгенін баса айтқан жөн.

«Қыс – 2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуларының (РКШОЖ) аясында Жуалы ауданының «Шақпақ» асуында тактикалық-арнайы оқу-жаттығу өткізілді.

Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығудың аясында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автожолының «Шақпақ» асуында «Қысқы кезеңде төтенше жағдайлар туындаған кезде авариялық-құтқару қызметтерінің іс-қимылдары» тақырыбында тактикалық-арнайы оқу-жаттығу ұйымдастырылды.

Дәлірек айтқанда, Жамбыл және Түркістан облыстарының шекара тұсында орналасқан Шақпақ асуында қалың қар мен қатты боранның салдарынан осы тұста көлік қозғалысы қиындап, автокөліктер қар құсауында қалып қойып, сонымен бірге, жол-көлік оқиғасы орын алып, зардап шеккендер анықталған. Оқу-жаттығудың практика кезінде құтқарушылар мен азаматтық қорғау қызметтері зардап шеккен жолаушыларды көліктен шығару, көліктегі өртті сөндіру, жолды тазалау және адамдарды жылыту пункттеріне эвакуациялау іс-қимылдарын жүйелі түрде пысықтады. Сондай-ақ, осы маңда орналасқан Амансай ауылының

Жалғасы 2-бетте



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ОҢ ҚОРЫТЫНДЫ БЕРІЛДІ

Жақында аудандық қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Отырысқа аудандық қоғамдық кеңестің мүшелері, аудан әкімдігінің экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі басшысының у.м.а. Шерхан Оспанов, аудан әкімдігінің ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімі басшысының м.у.а. Медет Дамиров және БАҚ өкілдері қатысты.



Отырыстың күн тәртібінде екі мәселе, яғни, 2025 жылға арналған аудандық бюджеттік өзгерістер енгізу жобасын және 2025-2029 жылдарға арналған Жуалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды басқару

жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы жобасын талқылау мәселелері қаралды.

Сөз аудан әкімдігінің экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі басшысының у.м.а., Шерхан Оспановқа беріліп, ол 2025 жылға арналған аудандық бюджеттік өзгерістер енгізу жобасы туралы баяндады. Ал, аудан әкімдігінің аудан әкімдігі тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының м.у.а. Медет Дамиров 2025-2029 жылдарға арналған Жуалы ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы жоба жайында баяндама оқыды.

Баяндамашыларға қоғамдық кеңес мүшелері сұрақ қойып, ұсыныстарын жеткізді.

Отырыс соңында күн тәртібінде қаралған мәселелерге оң қорытынды беріліп, шешімдер қабылданды.

Рақымғазы ҚҰНИЯЗОВ,
аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы



БІЛІМ БЕРУ

КІТАП - АДАМНЫҢ ЖАН ДҮНИЕСІН БАЙЫТАТЫН РУХАНИ ҚАЗЫНА

Кітап – адам санасын жетілдіретін, рухани дүниесін байытатын, ойлау қабілетін дамытатын ең құнды қазына. Алайда бүгінгі қоғамда әлеуметтік желі мен цифрлық ақпарат тасқыны күшейген сайын, кітап оқу дағдысы әлсіреп бара жатқаны жасырын емес. Бұрын сабақтан кейін кітапханаға барып, кітап сөрелерінен сүйікті кітабын іздейтін оқушыны жиі көретін едік. Қазір ондай балаларды сирек кездестіреміз. Оқушының қолындағы смартфон кітаптың орнын басып, дамудың емес, уақыт өткізудің құралына айналады.

Аяжан ҚАЗЫБЕК,
«Жаңа өмір»

Цифрлы ғасыр баланың ойлау жүйесіне айтарлықтай әсер етті. Жылдам ақпаратқа үйренген бүгінгі жас буын ұзақ мәтін оқуға шыдамсыз, ой елегінен өткізуге құлықсыз. Бір минуттық видеоларға тәуелділік тұрақты оқуды тежеп, сөздік қорды



жұтқандатады. Соның салдарынан жас буында ойын жүйелі жеткізбеу, талдау, салыстыру, қорытынды жасау дағдыларының төмендеуі байқалуда. Ал кітап – терең ойландырып, ізденуге жетелейтін баға жетпес тәрбие құралы.

Ұялы телефонды жастанып, әлеуметтік желілерден бас көтермейтін бүгінгі баланың қолына кітап ұстатып көріңізші? Кейбірі оны оқудан бұрын жүк көріп, бетін ашуға ерінеді. Бұл жағдай қазір тұтас қоғамның алаңына айналып отыр.

Жалғасы 4-бетте

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Аудандық «Жаңа өмір-Новая жизнь» қоғамдық-саяси газетіне 2026 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүруде. Жеке тұлғалар үшін бір жылға жазылу бағасы - 6849 теңге 52 тиын, жарты жылға - 3424 теңге 50 тиын. Заңды тұлғалар үшін бір жылға - 7749 теңге 52 тиын, жарты жылға - 3874 теңге 50 тиын. Жазылымды аудандық пошта мен оның ауыл-селоардағы бөлімшелері жүргізеді.

Газеттің жазылым индексі - 80300.

АУДАНДЫҚ ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗДАР!

ЖОБА

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ЖУАЛЫ АУДАНЫ МЫҢБҰЛАҚ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ АУЫЛДАРЫНЫҢ ШЕКАРАЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабының 1-тармағының 10) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес Жуалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жуалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мыңбұлақ ауылдық округі Көлбастау ауылының шекараларының жалпы көлемі 1340,0003 гектар болып белгіленсін.
2. Мыңбұлақ ауылдық округі Талапты ауылының шекараларының жалпы көлемі 2022,491 гектар болып белгіленсін.
3. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы мен мәслихат шешімінің орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына және аудандық

мәслихаттың әкімшілік-аумақтық құрылым, аумақты әлеуметтік-экономикалық дамыту, бюджет және жергілікті салықтар мәселелері, адамдардың құқығын қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.
4. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл облысы Жуалы ауданы Мыңбұлақ ауылдық округінің шегін кеңейту жөніндегі түсіндірме

| № р/н | Атауы | Есептік кварталы | Жалпы ауданы | оның ішінде | | | | | | | | | | | | | |
|-------|---|--------------------|--------------|-------------|----|------------|---------------------|-----------|-----------|------------------------|-------------------------|---|-----------------|----------------------------------|-----------------|--------------|-----------------------|
| | | | | ерістік | ол | сұрылымсыз | қон жаздық және шөп | шөптік | жылқы | барлығы ауыл аумақтары | ағашты-бұталы аумақтары | жылқы және қой бақару және мал бақару аумақтары | сұр асты жерлер | көпжылдық және коллекторлар асты | құрылыстар асты | басқа жерлер | ағарту аумағы жерлері |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 |
| 1 | 2021 жылғы жер есебі бойынша Мыңбұлақ ауылдық округінің жері | 06-089-090,092,093 | 1508,0 | 277,49 | | 32,0 | | 661,160 | 661,160 | 970,650 | 11,0 | 191,0 | 537,350 | 247,350 | 8,0 | 80,0 | |
| | Көлбастау ауылы | 06-089-090 | 922 | 5 | 4 | | | 297 | 297 | 597,49 | 3 | 84 | 324,84 | 180,51 | 3 | 54,0 | |
| | Талапты ауылы | 06-089-090 | 586 | 272,49 | | 2,8 | | 364,16 | 364,16 | 373,16 | 8 | 107 | 212,84 | 66,84 | 5 | 26,0 | |
| 2 | Мыңбұлақ ауылдық округінің кеңейтуге берілген жердің барлығы | 06-089-090,092,093 | 1854,4913 | 2,7881 | | | | 1851,7032 | 1851,7032 | 1851,7032 | | | | | | | |
| | оның ішінде: | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | Босалқы жерінен 1-учаске | 06-089-092 | 1184,7427 | | | | | 1184,7427 | 1184,7427 | 1184,7427 | | | | | | | Талапты |
| | Босалқы жерінен 2-учаске | 06-089-092 | 248,9602 | | | | | 248,9602 | 248,9602 | 248,9602 | | | | | | | Талапты |
| | Босалқы жерінен 3-учаске | 06-089-092 | 2,7881 | 2,7881 | | | | | | | | | | | | | Талапты |
| | Босалқы жерінен 4-учаске | 06-089-090 | 327,7953 | | | | | 327,7953 | 327,7953 | 327,7953 | | | | | | | Көлбастау |
| | Босалқы жерінен 5-учаске | 06-089-090 | 90,2050 | | | | | 90,2050 | 90,2050 | 90,2050 | | | | | | | Көлбастау |
| 3 | Мыңбұлақ ауылдық округінің кеңейтілгеннен кейінгі жер көлемі: | 06-089-090,092,093 | 3362,4913 | 280,2781 | 32 | | | 2512,8632 | 2512,8632 | 2822,3532 | 11 | 191 | 537,35 | 247,35 | 8 | 80,0 | |
| | Көлбастау ауылы | 06-089-090 | 1340,0003 | 5 | 4 | | | 715,0003 | 715,0003 | 1015,4903 | 3 | 84 | 324,84 | 180,51 | 3 | 54,0 | |
| | Талапты ауылы | 06-089-092 | 2022,491 | 275,2781 | 28 | | | 1797,8629 | 1797,8629 | 1806,8629 | 8 | 107 | 212,84 | 66,84 | 5 | 26,0 | |

ПРОЕКТ

ОБ УСТАНОВЛЕНИИ ГРАНИЦ СЕЛ МЫНБУЛАКСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ЖУАЛЫНСКОГО РАЙОНА ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

В соответствии с подпунктом 10) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и подпунктом 3) статьи 12 Закона Республики Казахстан «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан» акимат Жуалынского района ПОСТАНОВЛЯЕТ и Жуалынский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Установить границы села Көлбастау Мынбулакского сельского округа общей площадью 1340,0003 гектаров.
2. Установить границы села Талапты Мынбулакского сельского округа общей площадью 2022,491 гектаров.
3. Контроль за исполнением настоящего совместного постановления акимата и решения маслихата возложить на курирующего заместителя акима района и на постоянную комиссию

районного маслихата по вопросам административно-территориальных структур, социально-экономического развития территорий, бюджета и местных налогов, по защите прав граждан.
4. Настоящее совместное постановление акимата и решение маслихата вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Экспликация по расширению границ Мынбулакского сельского округа Жуалынского района Жамбылской области

| № р/н | Наименование | Учетный квартал | Общая площадь | Из них | | | | | | | | | | | | | |
|-------|--|--------------------|---------------|----------|-------|-------------|------------------------|-----------|-----------|----------------------------------|--------------------------|--------------------------|--------------------|--|-----------------|-----------------------------------|----------------------|
| | | | | пашни | и. н. | орешниковые | многолетние насаждения | степенные | пастбище | Водохранилища хозяйственных нужд | лесохозяйственные угодья | лесохозяйственные угодья | земли под дорогами | земли под парками, скверами и бульварами | подсобные земли | земли под зданиями и коллекторами | земли под строениями |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 |
| 1 | Территория Мынбулакского сельского округа по земельному учету на 2021 год | 06-089-090,092,093 | 1508,0 | 277,49 | | 32,0 | | 661,160 | 661,160 | 970,650 | 11,0 | 191,0 | 537,350 | 247,350 | 8,0 | 80,0 | |
| | Село Көлбастау | 06-089-090 | 922 | 5 | 4 | | | 297 | 297 | 597,49 | 3 | 84 | 324,84 | 180,51 | 3 | 54,0 | |
| | Село Талапты | 06-089-090 | 586 | 272,49 | | 2,8 | | 364,16 | 364,16 | 373,16 | 8 | 107 | 212,84 | 66,84 | 5 | 26,0 | |
| 2 | Всего земель, предоставленных на расширение Мынбулакского сельского округа | 06-089-090,092,093 | 1854,4913 | 2,7881 | | | | 1851,7032 | 1851,7032 | 1851,7032 | | | | | | | |
| | Из них: | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | 1-участок из земель запаса | 06-089-092 | 1184,7427 | | | | | 1184,7427 | 1184,7427 | 1184,7427 | | | | | | | Талапты |
| | 2-участок из земель запаса | 06-089-092 | 248,9602 | | | | | 248,9602 | 248,9602 | 248,9602 | | | | | | | Талапты |
| | 3-участок из земель запаса | 06-089-092 | 2,7881 | 2,7881 | | | | | | | | | | | | | Талапты |
| | 4-участок из земель запаса | 06-089-090 | 327,7953 | | | | | 327,7953 | 327,7953 | 327,7953 | | | | | | | Көлбастау |
| | 5-участок из земель запаса | 06-089-090 | 90,2050 | | | | | 90,2050 | 90,2050 | 90,2050 | | | | | | | Көлбастау |
| 3 | Всего земельных участков после расширения Мынбулакского сельского округа | 06-089-090,092,093 | 3362,4913 | 280,2781 | 32 | | | 2512,8632 | 2512,8632 | 2822,3532 | 11 | 191 | 537,35 | 247,35 | 8 | 80,0 | |
| | Село Көлбастау | 06-089-090 | 1340,0003 | 5 | 4 | | | 715,0003 | 715,0003 | 1015,4903 | 3 | 84 | 324,84 | 180,51 | 3 | 54,0 | |
| | Село Талапты | 06-089-092 | 2022,491 | 275,2781 | 28 | | | 1797,8629 | 1797,8629 | 1806,8629 | 8 | 107 | 212,84 | 66,84 | 5 | 26,0 | |

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жамбыл облысы Жуалы ауданы Мыңбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-сінің иелігіндегі ҚТҚ полигонына арналып жасалған ШНШ, ҚББ, ӨЭБ бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.
Өткізу орны: Жамбыл облысы, Жуалы ауданы Мыңбұлақ а/о, Көлбастау ауылы, Абай көшесі 2. (әкімдік ғимаратында)
Өткізу күні мен уақыты: 2025 жылдың 18 желтоқсаны сағат 17:00-де.
Конференцияға онлайн қосылу: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=931069311301>
Идентификатор нөмірі: 931-069-311-301
Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттармен келесі порталда танысуға

болады (<https://ndbecology.gov.kz/>), сондай-ақ Жергілікті атқарушы орган «Жамбыл облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220?lang=kk> танысуға болады Мекен-жайы: Жамбыл облысы, Тараз қ., Абай көш. 133А e-mail: s.agabek@zhambyl.gov.kz
Бастамашы: "Жамбыл облысы Жуалы ауданы Мыңбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" КММ, мекен-жайы: Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Мыңбұлақ а/о, Көлбастау ауылы, Абай көшесі, 2. БСН050240008167, тел. 87754500666
Орындаушы: «Tabigat8» ЖК, Шымкент қ., 189 кв, 33 үй, тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru.

"Жамбыл облысы Жуалы ауданы Мыңбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" КММ барлық тілек білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекен-жайы бойынша енгізе алады: akimat02@bk.ru, s.agabek@zhambyl.gov.kz
Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын қағаз жүзіндегі материалдармен Жамбыл облысы Жуалы ауданы, Мыңбұлақ а/о Көлбастау ауылы, Абай көшесі, 2 мекен-жайы бойынша танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға хабарласыңыздар: 87757500666
Полигоның географиялық координатасы:
Ендік: 42°40'10.4"N
Белдік: 70°59'22.7"E

ОБЪЯВЛЕНИЕ

«КГУ» Аппарат акима Мынбулакского сельского округа Жуалынского района Жамбылской области» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту НДВ, ПУО, Програма ПЭК, План мероприятий по охране окружающей среды для полигона ТБО.
Место проведения: Жамбылская область, Жуалынский район, Мынбулакский с.о., а.Көлбастау, улица Абай 2 (в здании акимата).
Дата и время проведения: 18 декабря 2025 года в 17:00.
Подключиться к встрече в Qosyl: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=931069311301>
Идентификатор встречи: 931-069-311-301
С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно

ознакомиться на Едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz/>), а также на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220?lang=kk> Местного Исполнительного Органа ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области», адрес: Жамбылская область, г.Тараз, ул.Абая 133А e-mail: s.agabek@zhambyl.gov.kzв разделе «Общественные слушания».
Инициатор: КГУ "Аппарат акима Мынбулакского сельского округа Жуалынского района Жамбылской области" адрес: Жамбылская область, Жуалынский район, Мынбулакский с.о., а.Көлбастау, улица Абай 2. БИИ 050240008167, тел. 87757500666
Исполнитель проекта: ИП «Tabigat8», г. Шымкент, 189 квартал, дом 33 тел. +77711515038. Email:

zhadra_140992@inbox.ru
КГУ "Аппарат акима Мынбулакского сельского округа Жуалынского района Жамбылской области" приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: akimat02@bk.ru.s.agabek@zhambyl.gov.kz
С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: Жамбылская область, Жуалынский район, Мынбулакский с.о., а.Көлбастау, улица Абай 2. По всем вопросам обращаться по телефону: 87757500666
Географические координаты полигона:
Широта: 42°40'10.4"N
Долгота: 70°59'22.7"E

ТҮЗЕТУ

Жуалы аудандық "Жаңа өмір-Новая жизнь" қоғамдық-саяси газетінің 2025 жылғы 31 қазан, жұма күні жарық көрген №81 (9545) санында Жуалы ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің атынан берілген "Конкурсқа қойылған жер учаскелері тізімінің" 5-қатарындағы "3,8" саны "9,4849" болып оқылуын сұраймыз!

ДЕНСАУЛЫҚ - ЗОР БАЙЛЫҚ!

Жамбыл облысында «АИТВ-ға қарсы күрестегі қиындықтардан – тиімді өзгерістерге» ұранымен науқан басталды



Жыл сайын Дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні қарсаңында әлемнің барлық елдерінде, соның ішінде біздің республикамыздың өңірлерінде де ауқымды ақпараттық-ағартушылық және алдын алу іс-шаралары дәстүрлі түрде өткізіледі. Биылғы жылы науқан 10 қарашадан 10 желтоқсан аралығында «АИТВ-ға қарсы күрестегі қиындықтардан – тиімді өзгерістерге» ұранымен өтеді.

бойынша Жамбыл облысында АИТВ-инфекциясының эпидемиологиялық жағдайы тұрақты екенін атап өтті. Қаңтар-қыркүйек айларында 93 жаңа жағдай тіркеліп, оның жетеуі шетел азаматтарынан анықталған. Аурушандық деңгейі 100 мың тұрғынға шаққанда 7,2-ні құрайды.

Науқан аясында Жамбыл облысында түрлі форматтағы кездесулер, форумдар, интерактивті кездесулер, тақырыптық дөңгелек үстелдер, сондай-ақ колледж студенттері арасында волейбол және футболдан облыстық турнирлер, дәрістер мен семинарлар ұйымдастырылатын болады. Мұндай іс-шаралар жастардың белсенділігін арттыруға, АИТВ инфекциясының алдын алу мәдениетін қалыптастыруға және салауатты өмір салтына бейімділікті дамытуға ықпал етеді.

Инфекцияның негізгі таралу жолы – жыныстық қатынас (83%), оның ішінде 5,7%-ы гомосексуалдық ал инфекциялық есірткі тұтыну арқылы жүзу жағдайлары – 2,3%. Бүгінде облыста АИТВ-мен өмір сүретін 1108 адам есепте тұр, олардың 92%-ы (1082 адам) антиретровирус терапия қабылдайды.

Науқанның негізгі мақсаты – АИТВ-инфекциясының, ЖЖБИ мен басқа да аурулардың алдын алу мәдениетін қалыптастыру, халықтың хабардар болу деңгейін арттыру, денсаулыққа жауапкершілікпен қарау көзқарасын дамыту, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру және салауатты өмір салтын насихаттау.

Жыл басынан бері облыс көлемінде 494 ақпараттық-ағартушылық іс-шара өткізіліп, 12 мыңнан астам адам қамтылды. Сонымен қатар, халықтың осал топтарын профилактикалық бағдарламалармен қамту деңгейі 70%-ды құрады.

«2025 жылдың 9 айының қорытындысы

Бүгінде Жамбыл облысындағы АИТВ-инфекциясы бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты бақылауда. Қазіргі заманғы емдеу әдістері науқастардың өмір сүру сапасын жақсартуға және инфекцияның одан әрі таралу қаупін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді. Орталық мамандары жыл бойы халықтың АИТВ туралы хабардарлығын арттыруға, ерте тәстілеу идеяларын ілгерілетуге, сондай-ақ АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға қатысты стигма мен кемсітушілікті алдын алуға бағытталған ақпараттық-ағартушылық және алдын алу іс-шараларын жүйелі түрде өткізіп келеді.

"Жаңа өмір"-ақпарат

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ

Жамбыл облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаментінің 2025 жылдың 9 айында жүргізілген іс-шараларының нәтижелері

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен жүктелген міндеттер мен функцияларға сәйкес 2025 жылдың 9 айында тиісті жұмыстар жүргізілді.

кесу және болдырмау, мемлекеттік аудит объектілеріне әкімшілік жүктемені азайту және камералдық аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше дербес жою мақсатында құқықтар беру болып табылады.

Атап айтқанда, ағымдағы жылдың өткен кезеңінде Департаментпен 28 аудиторлық іс-шаралар жүргізілді, оның ішінде: тізбеге сәйкес – 10, жоспардан тыс – 18, оның ішінде, Комитеттің тапсырмасы бойынша – 6, заңды және жеке тұлғалардың өтініштері бойынша – 12.
Жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері бойынша 27-де жалпы сомасы 12 570,7 млн.теңгеге бұзушылықтар анықталды, оның ішінде: 9 711,9 млн.теңгеге қаржылық бұзушылықтар, оның 49,2 млн.теңгесі бюджетке өтелуге жатады (22,9 млн. теңге бюджетке өтелді, бұл 46,5%-ды құрайды), қалпына келтіруге жататыны 773,1 млн.теңге (орындалған жұмыстар мен қызметтер есебінен қалпына келтірілгені 100% құрайды), 8 889,6 млн. теңгесі - бухгалтерлік есеп пен есептілік саласындағы бұзушылықтар.

Аудиторлық іс-шаралардың нәтижесінде 29 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. 19 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 5,4 млн теңге бюджетке толығымен өтелді.

Қаржылық бұзушылықтардың негізгі үлесі мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі бойынша – 8 741,7 млн.теңге (бухгалтерлік есеп пен есептілік саласындағы бұзушылықтар – 8 302,1 млн. теңге), бұл 90,0%, Комитеттің тапсырмасы бойынша – 565,6 млн.теңге – 5,8%, заңды және жеке тұлғалардың өтініштері бойынша аудит жүргізу кезінде анықталды – 404,6 млн.теңгеге, яғни 4,2% құрайды.

Айта кетсек, қаржылық бұзушылықтардың келесі түрлері анықталды, олар:
- бухгалтерлік есеп пен есептілік саласындағы бұзушылықтар – 8 889,3 млн.теңгеге;
- орындалмаған жұмыстар, көрсетілмеген қызметтер және жеткізілмеген тауарлар үшін қаражатты төлеу – 122,4 млн.теңгеге;